

85(2K)
Ж 86

АРХИТЕКТ
ҚОР

А.Қ. ЖҰБАНОВ

ӨСКЕН
ӨНЕР



норға кететін түс еді. Оқаптың сол «қателігін» тұрақтандырып, әлі күнге солай орындалатын болды.

Оқап қазақ әдебінен тыс, өте кеш, 1937 жылы отыз алты жасында үйленді. Қосағы — Жаңыл оркестрдің домбырашысы еді (ол семья қамына байланысты қызметтен қырқыншы жылдардың аяғында кетті). Баласы Серік (1939) пен қызы Сараның (1941) дүниеге келуі Оқапты үлкен қуанышқа бөледі. Бұрынғыдай жиі ашулануды қойып, мінезі салмақтана түсті. Бұрынғыша оркестрдегі қызметін жалғастырып, жастарға бай тәжірибесін жалықпай үйретумен болды.

Оқаптың балалары қазір көркемөнер саласында еңбек етіп, әке дәстүрін жалғастырып келеді.

Туғандарын жоғалтып алуға байланысты басына түскен өмір тауқыметі Оқаптың денсаулығына әсер етпей қалған жоқ. Отызыншы жылдардың басында өкпе ауруына шалдықты. Ұлы Отан соғысы басталғанда, өз халқының адал ұлы ретінде, ауыр науқасына қарамастан, Алматада жүруден бас тартты. Ол үнемі ауылдарды аралап, ел қорғау жұмысына үлес қосып жатқан еңбеккерлер арасында өнер көрсетті, халықты жеңіске жігерлендірді. 1942 жылдың көктемінде өкпе ауруы қайта қозып, төсек тартып жатып қалды да сол жылдың жазында дүние салды.

1936 жылдың күзінде қазақ совет өнерін өркендетуге қосқан қыруар еңбегі мен Москвада өткен қазақ өнерінің онкүндігіне белсене қатысқаны үшін Оқап Қабиғожинге Қазақ ССР-на еңбегі сіңген артист деген құрметті атақ беріледі.

Советтік Қазақстанның аса көрнекті домбырашысы, тамаша азамат Оқап Қабиғожинның есімі өз достарының көңілінде ұзақ сақталады. Оның шабытты өнерін туған халқы көкірегінде әлдилей бермек.

СЫБЫЗҒЫНЫҢ СЫРЫНА ҚАНЫҚ ЕДІ (Ы. Уәлиев)

1934 жылдың ортасында халықтық көркемөнер қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық тұңғыш байқауы өтті. Бұлар мәдениетіміздің, оның ішінде көркемөнеріміздің өркен жаюына жақсы әсер еткен шаралар болды дейміз.

Халықтың көркемөнерге деген ілтифат-ықыласының молдығы соншалық, сан салалы өнердің сағасын тоғыстырып отырған драма театрымыз астана жұртшылығының өскелең талабын өтеуге аздық етті. Театр артистері қойған әрбір концертке келушілерде қисап болған жоқ. Ал концерттің әрбір номерін артистердің өздері жүйелеп, текст атаулыны өздері жазатын, ән мен би атаулыны өздері шығаратын. Концертті жүргізуші адам жұртты күлдіру «мәселесін» жалғыз өзі реттеуге мәжбүр болатын.

Сол 1934 жылғы байқауда Ысқақ Уәлиевті алғаш рет көрдім. Сахнаға сұңғақ бойлы, бұйра шашты қара торы жігіт шықты. Көзі

нұрлы, қимылы ширақ. Жазғы ақ бешбент киген. Қолында — ағаштан жасалған сыбызғы.

Жігіт орындыққа еңсесін тік ұстай, аяғын айқастыра отырды. Енді бір сәтте сыбызғының адам даусына ұқсас үні сызыла шығып, өнер байқауына жиналған баршаны баурап ала жөнелді. Ол жолы Ысқақ Уәлиев шаршы топтағы жалғыз сыбызғышы болатын. Қазақтың бірнеше ән-күйін нақышына келтіре орындап берді. Айызы әбден қанған көпшілік сыбызғышы құдіретіне құшырлана қол соқты. Жұрт тіпті Ысқақтан басқа дүниені ұмытты десе де болғандай еді сол кезде.

Мені таң-тамаша қалдырған жайлар, біріншіден, Ы. Уәлиевтің қолдан жасалған өте қарапайым аспаппен небір күрделі шығармаларды шебер орындайтындығы болды...

Екіншіден, Ысқақтың тынысындай кең тынысты ешқашан кездестірген емеспін. Талай ауылда талай тарлан сыбызғышыны көрдім. Бірақ мұндай талықпас тынысты адамды көргенім жоқ.

Ы. Уәлиевтің үшінші ерекшелігі — сыбызғысынан орган әуенін шығара алатындығы. Ол үшін үрлеу керек. Сонда сыбызғы әуені тамылжи түседі. Рас, өйткен кезде аспаптың дыбыс тетігі шыңылдап, дауыс жарықшақтана бастайды. Бірақ Ысқақ сол тәсілмен әндерді әп-әдемі орындай береді.

Музыка мектебінен тәлім-тәрбие ала алмаған халық музыканттарының бірі болса да, Ы. Уәлиев жыр жаратылысты жан еді, аспабымен тілдесе білетін...

Ы. Уәлиевтің үшінші ерекшелігі — сыбызғысынан орган әуенін таға түсіру қиын тиді. Өзімізде дыбыс тыңдайтын арнаулы құрал жоқтықтан медицинада терапевтер қолданатын дыбыс тыңдағышты (наушник) пайдаландық. Ақыл-кеңес беретін маманның жоқтығы да өте-мөте қинады мені. 1930 жылы Ақтөбе облысында болғанымда дыбыс жазған тәсілдерімді қолдануға тура келді. Ол облысқа СССР Ғылым академиясының фонограмма архивінің тапсырмасымен және сол архив қызметкерлері Е. В. Гиппиустің, З. В. Эвальдтің (Ленинград консерваториясында оқығандағы ұстаздарым) кеңесімен барғанмын.

Сөйтіп, ақыры Ы. Уәлиевтің орындауындағы төрт күйді нотаға түсірдім. Олар 1942 жылы шыққан «Халық композиторлары» атты кітапқа (қосымша ретінде), қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне арналып 1958 жылы шығарылған «Ғасырлар пернесі» атты кітапқа енгізілді. Кейін Ы. Уәлиевпен ұзақ жыл қызметтес болып, оның аспабының сырын әбден түсінген соң Ысқақ тартқан бірнеше күйді тыңдап отырып жазып алатын болдым. Б. Г. Ермакович те бірнеше күйін нотаға түсірді.

Республика үкіметінің қаулысы шығып, Ы. Уәлиев және халық аспаптарын қалтқысыз меңгерген басқа да бірнеше адам Қазақстан Орталық Атқару Комитеті (ҚазЦИК) атындағы оркестр құрамында қалдырылды. Қазіргі Құрманғазы атындағы оркестр ол кезде

солай аталатын және ә деп құрылған шағы болатын. Ысқақ — сол оркестрдің артисі, һәм солисі.

Домбыраны жақсы тартатын Ысқақ оркестр репертуарын тез игеріп кетті. Қажет бола қалған сәттерде сахнаға оркестр солисі ретінде шығып жүрді... Оркестр құрамында болуы, тәжірибелі, маман музыканттармен қызметтес жүруі оның орындаушылық кабілетін ұштап, жетілдіре түсті, білімін молайтты. Ол творчество тұрғысынан жылдан-жылға есейе берді.

Ысқақты баршамыз жақсы көретінбіз, сыйлайтынбыз. Өйткені ол мейлінше қарапайым, біртоға жан болатын. Өмірді шексіз сүйетін, қызығына шынайы шаттана білетін. Мінезі ауыр болса да, ойын-күлкінің әрдайым ортасында жүретін. Демалыс сәттерінде домбырасын бебеулетіп, құйқылжыта күй тартып, небір ғажап өнер көрсететін, филармония эншілерімен «күш сынасып», суырып-салма өлең айтатын. Өзіл-әжуаның, мысқылдың туы болатын. Бірақ ешбіреудің арына тиіп, шектен шығып көрген емес. Сыпайыгершілікті қатты қастерлейтін. Қызметтес болған алты жылдан аса уақыт ішінде оған қабақ шытқан күнім болған жоқ дей алам. Мен дирижер едім де, ол оркестрантым еді, ал дирижер мен оркестрант арасында бола беретін түсініспеушілік біздің арамызда кездескен емес. Сонша уақыт ішінде тіпті оның филармония қызметкерлерінің бірде-біреуімен түс шайысқанын естігеніміз жоқ.

Филармония коллективі ҚазЦИК атындағы оркестр 1935—36 жылдары Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс облыстарын аралап, өнер көрсетті. Мұның өзі қазақ совет музыка өнерінің жетістігін насихаттауда аса маңызды болды. Сол сапардың әсер-ықпалымен жер-жерде көркемөнерпаздар оркестрі, би үйірмелері, шағын хорлар ұйымдасып, шаңырақ көтеріп жатты.

Гастроль кезінде аздаған адам көптің көз алдында боламыз ғой. Біріміз аяқты шалыс бассaq, бәріміздің масқара болғанымыз. Біріміз жақсы мінезбен, жайсаң өнермен танылсақ, бәріміздің мерейіміз артқаны. Ысқақ сол мерейімізді арттырып жүретін жан еді. Оның концерті әрдайым зор қошеметпен өтетін. Жұрт оған дән риза болып, орасан құрмет көрсететін...

1936 жылдың аяғында Жамбыл атындағы филармония Қырғызстанға гастрольге барған жолы Фрунзе шаһарының халқы Ы. Уәлиевті ыстық ықластарына бөледі. Ол кезде қырғыз халық аспаптарының оркестрі құрылмаған болатын. Ал сол тұста қолданылған чор деген музыка аспаптары біздің сыбызғыға ұқсас еді. Ағаштан жасалған. Бірақ неге екені белгісіз, сол чор жетілдірілмей осы уақытқа дейін эстрада кәдесіне жаратылмай келеді. Егер сыбызғы мен чорды тартушылар өзара тәжірибе алмасып, бауырлас халықтар бірінің музыка аспабын бірі игерген болса, нұр үстіне нұр еді!

«Ленфильм» 1938 жылы Ы. Уәлиевті Ленинградқа, «Аманкелді» фильміне қатысуға шақырды. Ысқақ сыбызғысының сазы шулы қаланың қарбаласы бастан асқан қалың базар дуылына қосылды. Ол маужыраған тыныштық құшағындағы даланың лебін, үнін әке-

ліп, көрермендер қауымын әсем әуені тұнып тербелген табиғаттың шалқар төскейіне шақырды.

Ы. Уәлиев 1939 жылы халық аспаптарында ойнаушы майталмандардың Бүкілодақтық конкурсына қатысып, Мақтау грамота алды. Конкурс жюриі оның теңдессіз шеберлігіне тамсанысып, келешегіне көп-көп үміт жүктеп қалып еді.

Ы. Уәлиев 1942 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, ә дегеннен-ақ мергендер сапына қосылды. Сөйтіп, Отан қорғауда қасиетті борышын өтеуге құлшына кірісті. Ысқақ сыбызғысын — жан серігін майданда да тастаған жоқ. Қарудан қол босаса ән-мен күйді толқытып, жауынгер жолдастарының көңлін көтерді, майданның алғы шебінде концерт қойып жүрді. Иә, ол әрқашан алғы шепте болып, фашист жеңдетерге ажал оғын жаудырып отырды. Мерген Ы. Уәлиев немістердің 227 солдат офицерін құрдымға жіберді.

«За Родину» майдан газеті редакторының орынбасары Қ. Османов 1943 жылы 26 январьда Ы. Уәлиевтің әйеліне былай деп жолдастық сәлем хат жолдады:

«Қадірлі жолдас Дәмеш! «За Родину» газетінің редакциясы Сізге жалынды сәлем жолдайды. Сізге жұбайыңыз жайында мақала басылған газетті жіберіп отырмыз. Ы. Уәлиев неміс фашист басқыншыларына қарсы шайқаста ерлік батырлық көрсетіп, 80-нен астам немісті өлтірді. Ол қазірде де ұрысқа құлшына араласып, күш-қайратын, алымдылығын көрсетіп жүр».

Ы. Уәлиев жайындағы мақала майдан газетінен көшіріліп, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде «Отан соғысы майдандарында», «Мерген» деген тақырыппен жарияланды. Онда капитан Қ. Османов былай деп жазған:

«...Ысқақ күн өткен сайын мергендіктің ғажап өнерін көрсете берді. Майданда ол Коммунистік партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданды. Командование оны Қызыл Жұлдыз орденімен наградтап, Ысқақтың әйеліне оның ерлігін айтып хат жазды. Бұл мергенді канаттандыра түсті...

Бір шайқаста ол 14 фашисті жайратты. Біреуі офицер екен. Ысқақ оның документін штабқа өткізді. Келесі бір ұрыста 60-тан астам немісті құртты. Командование оны екінші Қызыл Жұлдыз орденімен наградтады. Ысқақ ұрыс аралығындағы әредікте әсте қарап отырмайды. Жауынгер достарына мергендік сырларын тәптіштеп түсіндіреді. Оларды ерлікке, батырлыққа тәрбиелейді. Ысқақ соғысқа дейін Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясында сыбызғышы болған еді, ал қазір Қызыл Армияның ержүрек жауынгері.

Мергеннің жолы бірде болады, бірде болмайды, — дейді ол, — бірақ оған абыржымау керек. Егер неміс қу екен, маңына жолатпайды екен — сен қайтсең де одан айланды асыр. Қолыңнан келсе немісті іздеп жүріп құрт. Тек сабырлы бол. Отан алдындағы борышынды сонда ғана өтей аласың».

Колына сыбызғы орнына винтовка ұстаған Ы. Уәлиев майданда жауынгер достарын, мұнда Каз ЦИК атындағы оркестр коллективін ерлік күресімен қуанытып отырды. Оның хаттары жарқын сенімге толы болатын, жауға деген өшпенділік сезімге толы болатын. Оның жүрегі Отан қорғаушыларымыздың фашизмді талқандау жолындағы жорық дүбірімен бірге соққан еді. Сан мыңдаған совет адамдарына кесірін тигізген соғыс Ысқақтың да шырқын бұзды. Адамзат игілігіне, ұлы елімізде социализм орнату игілігіне жұмсалып жатқан жасампаз бейбіт еңбектен ол да қол үзді. Жаудан сол үшін кек алды ол.

Алматы қаласындағы аудандық әскери комиссариаты 1944 жылы 23 майда Ы. Уәлиевтің әйеліне былай деп жазды:

«Старшина Уәлиев социалистік Отанымызды қорғау шайқасында «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Әскери антқа адал болып, батырлық пен ержүректілік көрсеткен ол ұрыста жараланып, 1944 жылы 17 мартта қайтыс болды. Калинин облысының Идрицк ауданындағы Рахманов деревнясының оңтүстігінде, 1 километр жердегі жол бойында, Бауырластар бейітіне жерленді».

...Ы. Уәлиевтің семьясы қазір Алматыда тұрады. Әйелі үй шаруасында. Үлкен қызы Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясын 1965 жылы домбыра класы бойынша тәмәмдап, қазір Құрманғазы атындағы оркестрде істейді. Үлкен ұлы Ленинград хореография училищесін тәмәмдап, Абай атындағы театрдың балет бөлімінде істеп жүр.

Ы. Уәлиевтің репертуарында бірнеше автордың он бестен астам күйі бар еді. М. Ақынжановтың «Исатай—Махамбет» драмасына музыка жазғанымда мен Ы. Уәлиевтің «Мұнды қыз» деп тартатын күйін негізге алған болатынымын. Драма 1938 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді академиялық театрында қойылды. Ы. Уәлиевтің сыбызғысынан тараған күйлер консерваторияда, филармонияда тартылып, радио мен телевидение арқылы беріліп жүр.

Сыбызғы орыс және шетел этнографтарына, саяхатшыларына жақсы мәлім, Август Эйхгорн «Қазақ музыкасы» деген еңбегінде (неміс тіліндегі түпнұсқасы Москвада проф. В. М. Беляевтің жеке кітапханасында сақтаулы): «...қырғыздардың (қазақтардың—А. Ж.) қолындағы ағаштан жасалған духовой аспап (ағаш немесе қамыс флейта) «чибызга» деп аталады. Көне египеттіктердің свирельдеріне ұқсас, ұзынша етіп жасалған. Мундштугы жоқ, бір ұшы ауызға салынып, ол ұшының саңылауы тілмен жартылай ғана жабылады (ысқыру тетігі сол); чибызгада үш саңылау бар. Үні жақсы флейтаның үніндей, ал жоғарғы регистрі пикколаның үнін шығарады. «Чибызға ойнау — көмейімен ән салу», — деп жазыпты Левшин. Ол, сірә чибызгадан дыбыс шығаруда тілдің қандай роль атқаратынын айтқаны болар (орыс музыка газетінің 1917 жылғы 21, 22, 23 және 24-сандары).

Кейбір еңбектерде сыбызғы «сырнай» деп аталған. Қазақстанның қайсыбір жерлерінде де осылай аталады «Тургайская газета»

1904 жылғы 28-санында «Қиргизские игрища» деген мақаласында қазақ халқының сыбызғыны қатты қастерлейтінін айта келіп, былай деп жазған:

«Қырғыздар «сырнай» үнінен ата-бабаларының өмірін кітаптан оқығандай ұғып отырады: оның үнінен жақын адамдарының қабірі басында жоқтау айтқан жылаулар, кемпірдің қайғылы зарын естігендей болады. Кейде осы аспаптан жан жүйеңді толқытқан, жүрегіңді тулатқан махаббат күйі, қайғы-қасіретпен аяқталатын махаббат мұңы төгіледі. Қырғыздар бұл музыканы қастерлейді: оны сүйеді, осы музыкамен ер жетіп, осы музыкамен көз жұмады».

Әлбетте, сыбызғышылардың, сырнайшылардың бәрі емін-еркін өмір сүреді, қалаған ән-күйін тартып жүрді деуге әсте болмайды. Феодалдық үстемдік, оның әмірші аузынан шығатын заң-үкімі сыбызғы әуенін уыста ұстап, музыканттарды бай манаптар мен билеп-төстеушілер әулетін мадақтауға мәжбүр еткен заман болғаны мәлім. Бұл туралы «Природа и люди» журналының 1879 жылғы 4-санында, Шиленің «Қиргизы» деген мақаласында былай делінген:

«Бай қырғыздардың әрқайсында сырнайшы бар, ол байдың өзінің, ата-бабасының батырлықтарын әнмен мадақтап, бай көңілін көтереді».

Ал Ысқақ Уәлиев Сармалайдың, Ерғалидың, Сабыр мен Уәлидің тамаша сыбызғышылық өнерлерін советтік ұрпағына — адамзат еңбегімен жасалған барша мәдени мұраның шын мәніндегі иесіне жеткізген адам болды. Ысқақ Уәлиев бейбіт еңбек майданында музыкамыздың алғы шебінде жүрді. Адамзаттың жауына, коммунизмнің жауына қарсы шайқаста да алғы шепте жүрді ол. Кейінгі ұрпағымызға ұлы үлгі-өнеге болды. Екеуміз дос едік. Бұл күндері бүкіл әлемге танылып, сан миллиондаған адамды ғажап өнерімен таңдантип отырған Құрманғазы атындағы оркестрде екеуміз ұзақ уақыт бірге еңбек еттік, алғашқы жылдардан бастап ыстық-суығын бірге көрдік. Егер осы жазғаным оқушы қауым кәдесіне жарап, Ысқақ Уәлиевтің өмірі мен творчествосынан аз да болса мағлұмат бере алса, қазақтың сол бір аяулы ұлының, ардагер ұлының аруағы алдындағы борышым өтелді деп білер едім.

Сыбызғыны бабына келтіре жетілдіріп, оны еркін меңгеріп, әуенін алуан қырлы етіп, осы бір керемет аспаптың репертуарын қалыптастыра алсақ, сөйтіп сыбызғы класының өресін кеңейтіп, қазақ халық аспаптары оркестрінің құрамынан сыбызғының өз орнын алуына жетісек — Ысқақ Уәлиевке әбден лайық ескерткіш орнатқан болар едік.

«ЖАС ҚАЗАҚ»

Ұзын бойлы, қызыл шырайлы, әдеміше келген жас жігіт отыншы жылдардың бас кезінде қазақтың драма театрына келіп, сырнайға қосылып өзінің әндерін айтамын деп театрдың бас режиссері Жұмат Шанинге келіп көрінді. Өнерді жан-тәнімен сүйетін,